

**«Манашы» бөбекжайы» ЖБҚ мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнында
педагогикалық кеңес өткізу туралы**

Хаттама №1

27.08.2021 жыл

Бейнеу селосы

«Манашы» бөбекжайы» ЖБҚ МКҚК –да барлық педагог қызметкерлердің қатысуымен 21 тамыз күні сағат 17.00-де педагогикалық кеңес болып өтті.

Қатысуға тиіс -26

Қатысқаны – 26

Күн тәртібінде

1. Жазғы- сауықтыру-шынықтыру шараларының қорытындысы.
2. Жедел бақылау қорытындысы, топтардың жаңа оқу жылына дайындығы.
3. Нормативтік құжаттармен таныстыру (әдістемелік хат, стандарт, үлгілік оқу бағдарламасы)
4. Бөбекжайдың 2021-2022 оқу жылына арналған жылдық жоспарымен талқылау және бекіту.
5. МДҰ-да инклюзивті білім беру ортасын ұйымдастыру және жауапкершілік жүктеу.
6. Педагог - сарапшылар . С. Кенесбаева мен Ж.Утарбаеваның іс - тәжірибесін бөбекжайішілік тарату.
7. Әр түрлі мәселелер: бөбекжайішілік шығармашылық топ құрамын, аттестаттау комиссия құрамын бекіту, педагог портфолиосы туралы ақпарат

I Тыңдалды

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша бөбекжай директоры Қ.Корпелиева тыңдалды. Қ.Корпелиева пед.кеңеске қатысушыларды күн тәртібімен таныстырып өтті. Күн тәртібіндегі I-II мәселелер бойынша әдіскер Ж.Муханбердиевадан есеп сұрады.

Әдіскер Ж.Муханбердиева жаз маусымына арналған сауықтыру-шынықтыру, жұмыстарының қорытындысы туралы есеп берді. Балалармен шынықтыру шаралары, сауықтыру мерекелері, экскурсия, ата-аналармен жұмыстарды тәрбиешілер ойдағыдай ұйымдастырғанын айтып, слайд арқылы көрсетті.

Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы туралы мәлімет топ тәрбиешілерінен сұралды. Топ тәрбиешілері жасаған жұмыстарын жеке-жеке баяндады. Топ безендіру жұмыстары бойынша II-III-IV-VI топтар «орташа» деңгейде I-V-VII-VIII топтардың безендірілуі «жақсы» деп бағаланды. Оқу әдістемелік жағынан тәрбиешілер бе білім беру салалары бойынша көрнекіліктер, үлестірмелі материалдар, дидактикалық ойындар жинағын толықтырғандықтары айтылды.

Күн тәртібіндегі II-III-VI-VII мәселелер бойынша бөбекжай директоры К.Корпелиева тыңдалды. Директор К.Корпелиева пед.кеңеске қатысушыларға 2021/2022 оқу жылында Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, сонымен қатар ҚР мектепке дейінгі ұйымдарында 2021-2022 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы Әдістемелік нұсқау хатты басшылыққа алу айтылды.

Әдістемелік нұсқау хаттың бөлімдері қысқаша таныстырылды. Өтпелі тақырыптар, перспективалық жоспар, циклограмма, күн тәртібінің үлгілері көрсетілді. Тәрбиеші құжаттамасының тізбесі берілді.

«Манашы бөбекжайы» ЖБҚ МКҚК-ның 2021-2022 оқу жылына арналған жылдық жоспары таныстырылды. 2021-2022 оқу жылының міндеттері: 1. Мектепке дейінгі мекемеде

Денсаулық технологиясын қолдану арқылы салауатты өмір салтының дағдыларын қалыптастыру. Осы міндеттерді жүзеге асыру үшін жылдық жоспарда әр түрлі іс-шаралар көрсетілген, сол іс шараларды мерзімінде орындау педагогтарға жүктелетіні ескетілді.

Әдістемелік нұсқау хаттың талаптарына сәйкес педагогтардың перспективалық жоспарлары, ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі, күн тәртібі талқыланып, бекітілді.

Бөбекжай директоры м.а К.Корпелиева 2021-2022 оқу жылында бөбекжай тәрбиешілеріне Кенесбаева Сулухан және Утарбаева Жанардың іс –тәжірибелерін бөбекжайішілік таратуды ұсынды.

Педагог-сарапшы категориясындағы тәрбиеші Кенесбаева «Сауықтыру шаралары арқылы балалардың денаулығын нығайту тақырыбында. Утарбаева Жанар «М.Монтессори бағдарламасы негізінде балалардың интеллектуалды шығармашылық қабілетін дамыту» тақырыбында іс-тәжірибесін баяндап, презентация жасады.

Вариативтік компонент бойынша пәндерді таңдау үшін пед.кеңеске қатысушылардың ұсыныс, пікірлері сұралды.

Жарыссөз: 6-топ тәрбиешісі С.Кенесбаева. Құрметті педагогикалық кеңеске қатысушылар сіздерді жаңа оқу жылының басталуымен құттықтаймын! Жаңа оқу жылында жаңа жетістіктерге жетіп, жүлделі орындардан көрінейік. Бүгінгі пед. Кеңесте жылыдық жоспарды талқыладық. Жоспарда бөбекжайдың алдына қойған міндеттерін шешуге жол сілтейтін іс-шаралардың тақырыптары жақсы, балалардың жас ерекшелігіне сәйкес алынған. Вариативтік компонентке хореография, қол еңбегі, логикалық ойындарды алайық деген пікір білдіремін.

Бөбекжай директоры м.а К.Корпелиева бөбекжайда инклюзивті білім беру ортасын құруға байланысты жоспарлы жұмыстар жүргізілгенін айта келе, кабинетке, оқу әдістемелік кешендер әзірлеуге жауапты маман қажеттілігін айтты. Осы жылы штатқа дефектолог маман енгізілді. 2021-2022 оқу жылынан бастап, бөбекжайда инклюзивті білім беру ортасын ұйымдастыруға жауапты дефектолог-мұғалім К.Дүйсенованы бекітті.

Бөбекжай директоры Қ.Корпелиева ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығына сәйкес ұйымда аттестаттау комиссиясы және педагогтардың, балалардың құзіреттілігін дамыту мақсатында Шығармашылық топ құру керектігін айтты. Пед кеңеске қатысушылардан осы мәселеге байланысты ұсыныс, пікір білдіру сұралды.

Жарыссөз бөбекжай әдіскері Ж.Муханбердиева Аттестаттау комиссиясының да шығармашылық топтың құрамына да тәжірибелі педагогтармен қатар жаңашыл, ізденімпаз жас мамандарды қосу керек деп ойлаймын. Біздің педагогтардың ішінде аттестаттаудың жаңа форматында тест тапсырған педагог-сарапшы, педагог-модератор тәрбиешілеріміз бар.

Бөбекжай әдіскері Ж.Муханбердиева слайд арқылы педагог портфолиосы туралы ақпарат берді. Педагог портфолиосының құрылымы:

1.Титул парағы

1. Анкеталық мәліметтер,
- 2.Білім беру курстар
- II.Негізгі бөлім
- 1.Әдістемелік портфель
- 2.Өткізген ашық сабақтары
- 3.Дайындаған әдістемелік-нұсқа жинақтары
- 4.Авторлық бағдарламалары
- 5.Басылымды жарық көрген мақалалары
- 6.Семинар-конференция материалдары

III Қосымша рубрикалар

- 1.Жетістіктері т.с

Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе педагогикалық кеңеске қатысушылар төмендегідей шешім қабылдады.

Шешім.

1. Жазғы сауықтыру-шынықтыру шараларының және жедел бақылау қорытындысы «қанағаттанарлық» деп бағалансын. 2. Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы «жақсы» деңгейде 3. 2021 - 2022 оқу жылында Үлгілік оқу бағдарламасы, Стандарт және Әдістемелік нұсқау хат басшылыққа алынсын. 4. Бөбекжайдың 2021-2022 оқу жылына арналған жылдық жоспар бекітілсін. Жоспардың орындалына жауапты әдіскер Ж.Муханбердиева бекітілсін. 5. Бөбекжайда инклюзивті білім беру ортасын ұйымдастыруға жауапты дефектолог-мұғалім К.Дүйсенова бекітілсін. 6. 2021-2022 оқу жылы Педагог-сарапшылар С.Кенесбаева және Ж.Утарбаеваның іс- тәжірибелері бөбекжайішілік деңгейде тараталсын.

7. Аттестаттау комиссиясының құрамы төмендегі тізім бойынша құрылсын.

Комиссия төрайымы: К.Корпелиева директор

Мүшелері: Ж.Муханбердиева әдіскер

К.Дүйсенова дефектолог

Ж.Утарбаева тәрбиеші

Хатшы: Ж.Уразалиева

8. Шығармашылық топ құрамы төмендегі тізім бойынша құрылсын .

Топ жетекшісі: К.Дүйсенова

Мүшелері: С.Кенесбаева

Ж.Жумашева

М.Джолдасова

Ж.Утарбаева

Жиналыс төрайымы:  К.Корпелиева

Хатшы:  Ж.Муханбердиева